№ 30-ОД от 26.05.2026

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»**

**БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ**

____________ № _________

Атырау қаласы | город Атырау

**«Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суларды бұру реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді және тарифтік сметаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 12 маусымдағы №35-НҚ бұйрығына өзгертулер енгізу туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына және «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 1-тармағының 3), 9-1) және 9-2) тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 607-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суларды бұру реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді және тарифтік сметаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 12 маусымдағы №35-НҚ бұйрығына келесідей өзгертулер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың №1 және №2 қосымшалары осы бұйрықтың №1 және №2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің интернет-ресурсында орналастырсын және «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

3. «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына заңмен белгіленген мерзімде бекітілген тариф жөніндегі мәліметті тұтынушылар назарына жеткізсін және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау

Дата: 26.05.2026 16:32. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

000352

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

облысы бойынша департаментіне тұтынушыларға хабарландырылғаны туралы ақпаратты ұсынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы Ж.С. Дәрібаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың 2026 жылдың 1 маусымынан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағын қоспағанда, осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Департамент басшысы** **А. Утегенов**

*** ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТЫҢ КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
КОЛЫ

**Согласовано**
26.05.2026 15:55 Дәрібаева Жанар Сағындыққызы
26.05.2026 16:15 Ермуратова Алмагул Ержигитовна
**Подписано**
26.05.2026 16:18 Утегенов Арман Турсынович

Министерство национальной экономики Республики Казахстан - Аубекерова А. К.

Дата: 26.05.2026 16:32. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

КӨШІРМЕ ДҰРЫС